

## Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асыратын білім беру қызметтеріне бағаларды бекіту туралы

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 61/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 4540 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 156 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асыратын білім беру қызметтерінің қоса беріліп отырған бағалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарскаяға жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Әубәкіров

Қарағанды қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы "22" желтоқсандағы  
№ 61/02 қаулысына  
қосымша

## Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асыратын білім беру қызметтерінің бағалары

№	Ақылы көрсетілетін білім беру қызметтерінің тізімі	Айына қосымша білім беру ұйымына төленетін ата-ана төлемақы мөлшері (теңге)
1	Аспаптық сынып	2500
2	Вокалдық сынып	2500
3	Хор сыныбы	2500
4	Оркестр сыныбы	2500
5	Ерте эстетикалық дамыту бөлім	2500
6	Хореография бөлімі	2500
7	Театр бөлімі	2500
8	Цирк өнері	2500
9	Көркемөнер бөлімі	2500

10	Даярлық сыныбы (көркемөнер мектебінің)	1000
11	Негізгі оқу курсы (көркемөнер мектебінің)	2000
12	Бейіндік бағдарлау курсы (көркемөнер мектебінің)	3000
13	Филиалдар (көркемөнер мектебінің)	800
14	Спорттық-сауықтыру бөлімі	1000
15	Туристік-өлкетану бөлімі	1000
16	Бейінді және кәсіпке дейінгі бөлімі	1000
17	Көркемдік-эстетикалық бөлім	1500
18	Лингвистикалық бөлім	2000
19	Ерте бейіндік дамыту бөлімі	3000
20	Ерте интеллектуалды дамыту бөлім	4000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК